

## 2024-2025 ОКУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

| отырыс | Өткізілетін жұмыс мазмұны                                                                                                                 | Мерзімі   | Жауапты                                             | Күтілетін нәтиже                                                               |
|--------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|
| №1     | 1. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестіңтамыз жұмыс жоспарын бекіту.                                                         | тамыз     | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Білім сапасының жақсаруы                                                       |
|        | 2. 2024-2025 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, іс-жүзінде асыру.                    | Тамыз     | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Әдістемелік жұмыстың келешекте дамуын анықтау                                  |
|        | 3. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарын бекіту.                                                                                 | Тамыз     | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Педагог кадрларды нығайту                                                      |
| №2     | 1. Педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамы базасын даярлау (НОВД)                                                                    | Қыркүйек  | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Педагогтердің базасы жинақталды                                                |
|        | 2. Пәндер бірлестігінің жоспарын бекітуге ұсыну (жаратылыстану-математика, бастауыш, гуманитарлық, эстетикалық пәндер бірлестіктері)      | Қыркүйек  | Пәндер бірлестігінің жетекшілері                    | Өткен оқу жылының есебі бойынша мәселелерді анықтау арқылы, жүйелі жоспар құру |
|        | 3. Жанартылған білім мазмұны, критериялды бағалау, үштіліктің оқыту бойынша педагогикалық тәжірибемен алмасу.                             | Қыркүйек  | Пән мұғалімдері                                     | Тәжірибе алмасу                                                                |
| №3     | Мектепшіліктіпәнолимпиадасының жүргізілуі                                                                                                 | желтоқсан | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Оқушылардың білім деңгейін саралау                                             |
|        | Ұлттық біліктілік тестілеуден қараша айында өткен педагог қызметкерлерді біліктілік санатын беру немесе растау туралы бұйрықпен таныстыру | желтоқсан | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Сапалық құрамы анықталады                                                      |
|        | 1-2 тоқсан бойынша жазбаша жиынтық бағалауы баржелтоқсан пәндер бойынша модерация жүргізуді бақылау.                                      |           | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Білім сапасының деңгейін саралау                                               |
| №4     | 1. Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердіңНаурыз әдістемелік жұмыс барысы,                                                          | Наурыз    | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов | Педагогтардың кәсіби білігі мен біліктілігі анықталады                         |
|        | 2. Оқушылардың үлгерімеу себептері мен оқу танымдықНаурыз                                                                                 | Наурыз    | Пән мұғалімдері                                     | Білім сапасының жақсаруы                                                       |

|    | Әрекетіне қызығушылығы төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс.               |       |                                                         |                  |
|----|----------------------------------------------------------------------------|-------|---------------------------------------------------------|------------------|
| №5 | 1. Әдістемелік жұмысқа талдау жасау, сараптама жазу.                       | мамыр | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары<br>Қ. Молдашов | Қорытынды шығару |
|    | 2. Пән бірлестіктердің жұмысына әдістемелік талдау жасау.                  | Мамыр | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары<br>Қ. Молдашов | Қорытынды шығару |
|    | 3. Әдістемелік жұмыстың келесі 2025-2026 оқу жылына міндеттерін жоспарлау, |       | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары<br>Қ. Молдашов | жоспарлау        |

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Әдістемелік кеңес хаттамасы

27 тамыз 2024 жыл

№1

Дербісек ауылы

**Төрағалық етуші:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-

Қ. Молдашов

**Қатысқандар:** 54 (тізім тіркеледі)

**Қатыспағандар:** 0

### КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. 2024-2025 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, іс-жүзінде асыру.
3. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарын бекіту.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Қ. Молдашов әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

### СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдістемелік кеңестің бірінші сұрағы бойынша 2024-2025 оқу жылына арналып құрылған әдістемелік жоспармен және онда қаралған сұрақтармен таныстырылды. Әдістемелік кеңес жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсанда бекітілген №644 бұйрығының ережелері мен талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік жоспары қаралып талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша мектеп ұжымын 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқау хатпен таныстырды. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады» алатындығы айтылды.

Сонымен қатар ол өз сөзінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. 2024-2025 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керектігін айтты.

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

- ☐ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ☐ оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру;
- ☐ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ☐ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру. Орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері бойынша тоқталды. Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі тандап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген). Тандау үшін 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген үлгілік оқу жоспарлары ұсынылады (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)деді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Н.Балғабаева, М.Аукенбаева әдістемелік нұсқау хатты бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерін ортаға салды. Ұсыныс қабылданды.

Келесі мәселе бойынша жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарлары қаралды, талқылап бекітуге ұсынылды. Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары-Н.Балғабаева осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі бекітілген №160 бұйрығына сәйкесті тәлімгерлік жоспардың құрылымымен танысырды және төмендегіні қамтитынын айтты: 1) кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысу (айына 2 реттен кем емес); 2) педагогтердің жекелеген санаттарының, оның ішінде сынып жетекшілері үшін міндетті құжаттарды бірлесіп ресімдеу және толтыру; 3) кәсіби қалыптасу мәселелері бойынша педагогтің консультациясы: лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге оқыту; педагог кәсібін, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін меңгеру; білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану; 4) педагогпен кәсіби әңгімелесу және / немесе жеке коучинг; 5) сабақты, әдістемелік семинарларды, мастер-кластар мен тренингтерді зерттеу бойынша мектеп топтарына қатысу; 6) педагогтің кәсіби дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа, ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жүргізу; 7) орта білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің отырысында аралық есеп (оның ішінде электрондық) және бейнеролик (1-жартыжылдықта) ұсыну керектігі айтылды. Сонымен қатар шағын жинақты мектептегі тәлімгер мынадай талаптарға сай болуы қажет: 1) "педагог-зерттеуші" не "педагог-шебер"

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

---

біліктілік санаты;2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы;3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім сапасы кемінде 50% - 60% болуы шарт деді.

**Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:**

1. 2024-2025 әдістемелік жұмыс жоспары бекітілісін.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы барлық көрсетілген ережелер оқу-әдістемелік үрдісте қолданыс тапсын.
3. Жас мамандар мен оларға тәлімгерлер бекітілісін.
4. Жас мамандар мен тәлімгерлер жоспары бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы  
Хатшы

Қ. Молдашов  
Ұ.Отарова